-Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып

	<p>қайталаймыз» Мақсаты: Жаттығуларды түлкіден қайталап жасайды.</p>		<p>қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр). Қ/О: «Сергіп ал» Мақсаты: кеглдар арасымен еңбектеп өтеді</p>	<p>туыстарым. ҰІӨ мақсаты: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту. Дағды: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар Түсінеді: ән мазмұнын түсінеді. Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды</p>	<p>еңбектеу (3 метр). Қ/О: «Менен қайтала» Мақсаты:балаларды еңбектеуге баулу</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру</p>				
<p>Серуен</p>	<p>Қарды бақылау Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерге бақылауды жүргізуге үйрету Өлі табиғаттағы (күн – қар) болатын өзара байланыстар туралы білімін тиянақтау Бақылау барысы Көркем сөз «Бұл қай</p>	<p>Күнді бақылау. Мақсаты:Күн көзінің жарығы,оның бүкіл табиғат үшін пайдасы, қажеттілігі. Қыста күннің қызуы төмендейтіндігі туралы түсіндіру. Еңбек: «Таза жолдар». Мақсаты:Ойын алаңына барар жолдарды</p>	<p>Қайың ағашын бақылау Мақсаты: қайың ағашы туралы, ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту. Бақылау барысы Көркем сөз «Жас шыбық» А. Меңдібай Көшетін әкеп қайыңның, Отырғыздым аулаға.</p>	<p>Су тамшыларын бақылау Мақсаты: — температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; — зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p>	<p>Бүгінгі ауа-райын бақылау.Айналадағы адамның қысқы еңбегі. Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтықтандыру тудыру . Тақпақ: Қыстыгүні таңертең,</p>

	<p>кезде болады» Ш. Ахметов Ақ қар еріп, Су көбейіп, Сай-салаға ағады. Бүршік шашып, Жапырақ ашап, Гүл, бәйшешек басады. Бөбектерім, айтындаршы, Бұл қай кезде болады? Балаларға сұрақтар Қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады Аулада қар еріп жатқан жер байқала ма? Неге бұл жердің қары еріп жатыр? Халық болжамдары бар: қар ұлпалары іріленсе — күннің жылынуын күт; қараторғай келсе көктемді қарсы ал. Көктемнің алғашқы күндерінен бастап күннің шуағы молаяды. Күннің көзі көбірек түсетін жерлердегі қарлар еріп, жер бусана бастайды. Аяққа басқан қар тапталып, кешкі аязбен қатқақ пайда болады. Бірақ, бұл ұзаққа созылмайды. Күннен күнге күннің жылуы молайып, жердегі қар еріп, суға айналады. Еңбек Жолдарды қоқыстан тазалау. Мақсаты: бірлесе жұмыс істеуді үйрету. Қимылды ойын «Қояндар мен аңшылар». Мақсаты: қушыдан қашып құтылуларын, тез жүкіре</p>	<p>тазалау. Тазалыққа, топ болып еңбек етуге үйрету. Жеке жұмыс: Жұмбақ: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (Күн). Мақсаты: Жұмбақ үйрету арқылы сөздік қорларын молайту. Ойлау қабілетін арттыру. Тілдік шығармашылыққа тұрақты Қызығушылығын қалыптастыру. Қимылды ойын: «Түйілген орамал» Ойынның мақсаты: Балалардың ойын әрекетіне деген қызығушылықтарын дамытып, ептілікке, қырағылыққа, шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Жіп-жіңішке жас шыбық, Өспейді деп ойлама. Жас шыбық өсіп толады, Әсем қайың болады, Суғарып, күтіп, баптасам. Тәрбиеші сұрақтары: Қандай ағаш түрлерін білесіңдер? Біздің ауламызда қандай ағаштар өседі? Ағаштар жылдың қай мезгілінде көктейді? Әуелі ағаш бұтақтарында не пайда болады? Қазір аулаға ағаш көшетін отырғызуға бола ма? Ағаштар жақсы өсуі үшін біз оларға не істеуіміз керек? Еңбек Ауланы өткен күзден қалған қоқыстан тазалауға көмектесу Мақсаты: өз еріктерімен топқа бөлінуге, өз еріктерімен еңбек етуге баулу. Қимылды ойын: «Орамал тастамақ» Мақсаты: _- ойын шартын түсініп ойнауға, аңғарымпаздыққа, шапшаңдыққа баулу. Жаттығу ойыны Затты нысанаға лақтыру. Мақсаты: қол күштерін, көз мөлшерін дамыту.</p>	<p>Бақылау барысы Балаларға сұрақтар Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) Шуақты күні ше? (өседі) Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: — Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту. Халық болжамы: Мұз сүңгі ұзын және жиі болса,</p>	<p>Ерте оянып жас бала. «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға. Қимылды ойын: «Ақ қоян». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. Еңбек: Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтықсын арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Жазда таудың басында Қыста аяқ астында, Балмұздақтан аумаған Бұл не тағы расында? (Қар) Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p>
--	---	--	---	---	---

	білулерін дамыту. Жаттығу ойыны Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: лақтырған затты нысанаға түсіруге жаттығу. Халық болжамы: Жыл кұстары тобымен келсе, көктем бірден болып, жаз ерте шығады.			көктем ұзақ, ас мол болады.	
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Қайратқа геометриялық пішіндерді қайталату	Аделинаға өткен дыбыстарды жаттату	Фаризаға қайшы ұстатуды үйрету	Қайрат тілдік қорын дамыту	Аделина сөйлем құрауға үйрету
Балалардың өзіндік қызметі	Пазлдар құрастыру	Суреттер салу	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Нейрожаттығуларды қайталау	Емін –еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес - балаларды өздері киініп-шешінуге дағдыландыру , жуыну, қолын сүрту, шешіну.				

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп директорының
оқу ісінің орынбасары:
_____ Г.Н.Бөлесинова
2024 жыл «18» наурыз

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 3-апта 18-20 наурыз 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 18.03	Сейсенбі 19.03	Сәрсенбі 20.03	Бейсенбі 21.03	Жұма 22.03
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балаларға өз тұратын қаласын, өз мекен-жайларын жаттатуға ат салысу				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Саусақ гимнастикасы Мақсаты: ұсақ моторикасын дамыту, шапшаңдылыққа баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативтік қызмет)	«Домино» ойыны. Мақсаты: нүктелерге көңіл бөлу, бір-бірімен құрау. (танымдық және коммуникативті іс-әрекет)	«Қандай дыбыс?» ойыны Мақсаты: есту қабілетін дамыту, ненің дыбыс екенін ажырату		
Ұйымдастырылған қызметке дайындық	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				

(ҰҚ)	<p>Д/О:«Пішінді ата» үстел үсті ойыны: Мақсаты:Пішіндер туралы білімді жаңарту және толықтыру. (танымдық іс-әрекет)</p>	<p>Д/О:»Көңілді фигуралар» Мақсаты: геометриялық фигуралар туралы білімді бекіту (математика негіздері – танымдық және коммуникативтік қызмет)</p>	<p>Д/О:«Көлеңкесін тап» Мақсаты: ұқсайтын суреттерді көлеңкеге қою, логикалық қабілетін дамыту (коммуникативтік, танымдық қызмет)</p>		
Ұйымдастырылған қызмет	<p>1.Математика негіздері Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту - Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру. Д/О: «Пішінді тап» Мақсаты: Берілген пішіндермен сүйікті аңды құрастыр.</p> <p>2.Сөйлеуді дамыту Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тындап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу,</p>	<p>1.Сауат ашу негіздері Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Д/О : «Сиқырлы қарындаш» Мақсаты: Қалам мен қарындашты дұрыс пайдалануға үйрету. 2.Қоршаған орта Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту. -бағдаршамның белгілеріне</p>	<p>1.Математика негіздері Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту - Қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру 8-10 бөліктерден пішіндерді жинап, құрастыру. Д/О: «Аз ба, көп пе?» Мақсаты: Аз немесе көп ұғымын ажырату. Құрастыру «Көктем мезгілі» Мақсаты:Сурет қиындыларын құрастыра отырып көктем мезгілін құрастыру.</p> <p>2.Көркем әдебиет Баланың басқа құрдастарымен және ересектермен түрлі</p>		

- Әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.
Д/О: «Сурет қайда орналасқан»
Мақсаты: Суретті қарап қысқаша мазмұндау.
3. Қазақ тілі
Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп),
Д/О: «Қамшы»
Мақсаты: қамшының суретін құрастыру
2. Мақал-мәтел
Мақсаты: тыңдау және тілді түсіну дағдыларын қалыптастыру
4. Дене шынықтыру
Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту
- Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
- Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.
- Балаларды жарыс

сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «Трамвай аялдамасы», «Автобус аялдамасы», «Метро аялдамасы», «Тройллебус аялдамасы», «Жаяу жүргіншілер жолы», «Велосипедке арналған жол (электросамокат, гироскутер, сигвей)» жол
Д/О: «Жолда жаяу жүру»
Мақсаты: Балаларды жол ережесімен таныстыру
3. Шығармашылық
киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру (құрастыру)
өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. (сурет салу)
- Қазақ халқының тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен),
- Зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау), (мүсіндеу)

дереккөздерден: ғаламтордан, теледидардан, жақындарының әңгімесінен алған ақпараттарымен, әсерлерімен бөлісуіне мүмкіндік беру
Д/О: «Доп»
Мақсаты: Шеңберге тұрып, әр бала ғаламтор мен теледидардан көргенімен бөліседі.
3. Сауат ашу негіздері
Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.
Д/О: «Суретті көрсет»
Мақсаты: графикалық суреттерді жалғастырып салады. Табады
4. Дене шынықтыру
Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту
- Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру.
Қ/О: «Қызықты ойындар»
Мақсаты: ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.
Қ/О: «Көбелектен қайтала»
Мақсаты:Көбелектен жаттығуларды қайталайды.

Киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр) таныстыру

4. Музыка

шығармашылық әрекет

Қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы төменгі қозғалысын реттау

Тақырыбы: Менің туыстарым.

ҮІӨ мақсаты: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру. Динамикалық ерекшелікті көрсете отырып, эмоционалды түрде ән айту.

Дағды: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Жасайды: ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар

Түсінеді: ән мазмұнын түсінеді.

Қолданады: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды

Серуенге дайындық	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу.</p> <p>Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тындау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру 				
Серуен	<p>Бұлттарды бақылау Мақсаты: әлемді жалпы түсінудің негізі ретінде жер мен аспанды біртұтас деп ұғынуды қалыптастыруды жалғастыру</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз «Бұлт» Ә. Ақыпбекұлы Бұлттың қайда тұрағы, Біле алмадым мұны әлі. Білерім көк аспанның Бұлт көшпелі бұлағы. Тәрбиеші балаларға сұрақ береді. Аспанға қараңдар, не көріп тұрсыңдар? Бүгінгі бұлттар қандай? Қалай ойлайсыңдар, бүгін қар немесе жаңбыр жауады ма? Бұлт қай бағытқа жүзіп барады?</p>	<p>Шырша ағашын бақылау Мақсаты: Қаламызда өсетін ағаштармен таныстыруды жалғастыру;; Шырша ағашын басқа ағаштармен салыстыру; Ағаштардың көктемгі өзгерістері туралы білімдерін молайту.</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз «Жасыл шырша» К. Әзірбаев Қанша заман өткенімен, Ескірмейтін асыл шырша. Алатаудың көктемімен, Доссың ғой сен, жасыл шырша. Өзгермейсің қыс келсе де, Бояыңды оңдырмайсың. Шыршаны тек қана адамдар</p>	<p>Су тамшыларын бақылау Мақсаты: температураға байланысты су күйінің өзгеруі туралы білімдерін тиянақтау; зерттеу қызметін өздігінен орындай білу дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Бақылау барысы Көркем сөз. «Сүнгілер» А. Меңдібай Күн сәулесін төкті кеп, Қар да ери бастады. Шатырынан әр үйдің, Төмен қарап салбырап, Мұз сүнгілер аспалы, Пайда бола бастады. Тырс - тырс тамып тамшылар, Тынымсыз жерге тамады. Қардың суы еріген,</p>		

	<p>Еңбек Бүлдіршіндердің алаңындағы сырғанақ құрылысының орнын тазалауға көмектесу Мақсаты: бірлесіп жұмыс істеуді, жасалған жұмыстан рахат алуды үйрету. Кішкентайларға көмектесуге дайын болуға тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Үйсіз қоян». Мақсаты: — бір-біріне соқтықпай жүгіре білуді үйрету; — жылдамдыққа және шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Жұмбақ: Етек-жеңі жиналмай, Дауыл тұрса дым қалмай, Түйдектеліп көшеді, Тоз-тоз болып өшеді. (бұлт)</p>	<p>емес, жан-жануарлар мен құстар да жақсы көреді. Қалың шырша орманында аюлар апанын, тиіндер індерін, құстар ұяларын салады. Зерттеу жұмысы: шырша ағашын маңайдағы басқа ағаштармен салыстыру, ерекшеліктерін атау. Қимылды ойын: Доппен ойын. Мақсаты: Қозғалыс координацияларын дамыту.. Жаттығу ойыны Доппен жаттығу. Мақсаты: допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру.</p>	<p>Сай қуалай ағады. Балаларға сұрақтар Мұз сүңгілер қай бетте ұзын болады – көлеңке бетте ме, әлде күн бетте ме? (күн бетте) ♦Неге? (күн бетте күн қатты қыздырады да, сондықтан сүңгілер ұзын болады) Аязды күндері сүңгілер өсе ме, әлде қысқара ма? (қысқарады, аяз бен елден олар сынады) Шуақты күні ше? (өседі) Қай беттегі сүңгілер тез ериді? (күн беттегі, себебі күн мқзды қыздырады да, ол суға айналады) Еңбек Кішкентайлардың ойын алаңына баратын жолға құм шашуға тәрбиешіге көмектесу. Мақсаты: кішкентайлар мен олардың тәрбиешілеріне көмектесу, өзара көмек қолын беруге тәрбиелеу. Қимылды ойын «Аяғыңды сулама» Мақсаты: — Кедергіден секіріп өте білу және шашыраңқы жүкіре білу дағдыларын бекіту. Жаттығу ойыны. Қозғалыстарын дамыту Мақсаты: қозғалыс уақытында өздерін сақтандыра білуге оқыту.</p>		
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлендерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Аделинаға сандарды рет ретімен айтуды бекіту	Қайратқа сандарды қайталату	Фаризаға өткен дыбыстырды қайталату		
Балалардың өзіндік қызметі	Нейрожаттығуларды жасау (топпен)	Сурет салу «Көктем келді!»	«Көлеңкесін тап» ойыны		
Балалардың үйге қайтуы	<i>Ата –аналарға кеңес</i> - бір-бірін сыйлауға, дос болуға баулу				

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп директорының

оқу ісінің орынбасары:

_____ Г.Н.Бөлесинова

2024 жыл «01» сәуір

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 1-апта 01-05 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.04	Сейсенбі 02.04	Сәрсенбі 03.04	Бейсенбі 04.04	Жұма 05.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі фильтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Көлік» Мақсаты: Балаларға көлік туралы түсінік беру. Олардың қызметінің маңыздылығы туралы ұғымдарын кеңейту. Көлікті жапсыруға үйрету. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)	«Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балаларға екі суреттің немесе заттың айырмашылығын таба білуге. (физикалық қасиеттерін дамыту– және коммуникативтік қызмет)	Д/О: «Дөңгелек және сопақша» Мақсаты: Геометриялық пішіндерді ажырата білуге, оларға ұқсас заттарды топтай білуге, түстерін айта білуге үйрету. Суреттегі заттарды санауға, оларды сызып қосуға үйрету. Логикалық ойларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойшылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу. (Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-	«Аңдар көктемге қалай дайындалады?» Мақсаты: Жануарлардың көктемге қалай дайындалатынын әңгімелеу. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	Моншақты тіземіз» дидактикалық ойын. Мақсаты: Алақанына сиятын көлемдегі сақиналарды көлденеңінен жіпке тізу арқылы қол қимылын, саусақ бұлшық етін дамыту. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)

			әрекет)			
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰҚ)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)	«Қағаз бетінде бағдарлау» Мақсаты: Заттармен шаманы салыстыруға және айырмашылығын ажырата білуге, кеңістікті дұрыс бағыттай білуге, заттың көлем, пішін, түсін ажырата білуге үйрету.	«Құмырадағы гүл» Мақсаты: Балаларға құмырадағы гүлді жапсыруға үйрету. Достық пен жанашырлыққа тәрбиелеу, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету	«Теңін тап» Мақсаты: Балалар екі бірдей заттарды таба алады.	«Қ дыбысы» Мақсаты: «Қ» дыбысының дұрыс дыбысталуын, әріп таңбасын қайталау, ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Суреттегі заттардың дыбыстарын айту. Үзік сызықтарды қосуға үйрету.	«Қуыршаққа арналған көйлек» Мақсаты: Қуыршақтың киімдерінің түстері туралы түсінік беру. Қызыл, сары, көк, жасыл түстері туралы білімдерін кеңейту. Заттарды түстеріне қарай келтіруді үйрету. Жұмысты ұқыпты орындауға, түрлі-түсті қағазбен, желіммен жұмыс жасай білуге үйрету.
Ұйымдастырылған қызмет	1.Сауат ашу негіздері Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру Д/О: «Сөз» Мақсаты: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Есту қабілетін жетілдіру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. 2.Сөйлеуді дамыту Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану Д/О: «Сөздердің көп мағыналығы.» Мақсаты: Ой - өрістерін кеңейту, шығармашылық тапсырмалар арқылы сөйлеу тілдерін дамыту, шығармашылық қабілетін	1.Математика негіздері Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау, топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау. Д/О: «Теңдік және теңсіздік» Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриялық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет	1.Сауат ашу негіздері Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру Д/О: «Құлақ салып тыңдайық» Мақсаты: Баланың сөз туралы түсініктерін қалыптастыру. Есту қабілетін жетілдіру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. 2.Математика негіздері Теңдік туралы түсінік қалыптастыру, әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын	1.Сауат ашу негіздері Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Д/О: «Кітаптар сөйлейді» Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру. 2.Қоршаған орта Жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.	1.Математика негіздері Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Д/О: «Менің достарым» Мақсаты: Заттар тобын салыстыру және санау 2.Көркем әдебиет. Әдеби шығармаларды эмоционалды мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату	

жетілдіру

3.Қоршаған орта
Бакылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау
Д/О:« Төрт түлік мал ырысым»
Мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы білімдерін кеңейте отырып, жан жануарлар туралы түсініктерін арттыру, жылқылардың басқа малдардан айырмашылығын таныту, сөздік қорларын байыту.

4.Дене шынықтыру
Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту
Қ/О: «Түлкіден қайталаймыз»
Мақсаты:
Спорттық эстафеталық жарыста рға деген қызығушылықты арттыру. Спортқа деген сүйіспеншілігімізді нығайту. Салауатты өмір салтын сақтау.

дағдыларын меңгерту.

2.Қазақ тілі
Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс аруды және таза дикцияны дамыту
Д/О: «Әжемнің әлдиі»
Мақсаты: Тілдік тыныс алуын дамыту, Алдымен дұрыс дем алу және дем шығаруға үйрету. Алғашқы жаттығулар дене бітімін дұрыс қалыптастыруға бағытталады.

3.Көркем әдебиет
Әдеби шығармаларды эмоционалды мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату
Д/О: «Еріншек» ертегісі
Мақсаты :Ертегілерді сахналауға және рөлдерге бөліп ойлау арқылы балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

4. Музыка
Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепионаның сүйемелдеуімен ойнау
Мақсаты: Музыка сипатына сайкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту

анықтау,топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.
Д/О:
«**Айырмашылығын тап**»
Мақсаты: Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриялық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту. Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту.

3.Сөйлеуді дамыту
Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану
Д/О: «**Керемет кітап**»
Мақсаты: Ой-өрістерін кеңейту, шығармашылық тапсырмалар арқылы сөйлеу тілдерін дамыту, шығармашылық қабілетін жетілдіру

4.Дене шынықтыру
Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау.
Қ/О: «Көлеңке»
Мақсаты: Балалардың қимыл-қозғалыс, ойлау қабілетін

Д/О: «**Құстар - қанатты достар**»
Мақсаты:
Оқушылардың құстар туралы білімдерін кеңейту. Құстар- бау-бақшаның сәні, әні, емшілері екенін ұғындыру.
Оқушыларды табиғатты сүйіп, құстарға қамқорлық жасай білуге, оларды қорғауға үйрету, баулу.

3.Музыка
Жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепионаның сүйемелдеуімен ойнау
Мақсаты: Музыка сипатына сайкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту

4.Қазақ тілі
Қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру.
Д/О: «**Ә, Ө, Қ, Ү дыбыстары**»
Мақсаты: Ә, Ө, Қ, Ү дыбыстары туралы алған білімдерін толықтыру. Дыбыстарға байланысты сөздерді

1.Д/О: «Гүл ертегісі»
Мақсаты:Ертегілерді сахналауға және рөлдерге бөліп ойлау арқылы балалардың шығармашылық қабілетін арттыру.

3.Шығармашылық
Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету.
(құрастыру)
Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру.
(сурет салу)
Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу
(мүсіндеу)
Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру
(жапсыру)
Мақсаты: балалар төрт топқа бөлініп (сурет салады, жапсырады, мүсіндейді, құрастырады), өзіне

			дамыту.	буынға бөлу, дыбыстық талдау жасату, сөйлеу қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту.	ұнаған шығармашылығымен айналысады. 4.Дене шынықтыру Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Қ/О: «Көжектер мен түлкі» Мақсаты: Балаларды шапшандыққа, ұйымшы лдыққа үйрету.
Серуенге дайындық	Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет - Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	1.Бақылау. Гүлдейтін ағаштарды бақылау. Мақсаты: Жеміс ағаштарының гүлдейтінін көрсету арқылы оларға түйнектің қалай пайда болатынын түсіндіру. Ағаштарды сындырмай, күтіп-баптау қажеттігін білдіру. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Қуыспақ» «Өз ағашыңды тап» 3. Жеке жұмыс. Балаларға шие және алма ағаштарын гүліне қарай ажыратуға жұмыстану . 4. Еңбек. Ағаш түбін қопсыту, су құю. 5. Көркем сөз.	1.Бақылау. Қараторғайды бақылау. Мақсаты: құстар туралы білімдерін толықтырып, қарғамен салыстыру, ұқсастығын көрсету.Қамқорлыққа тәрбиелеуді жалғастыру. 2. Қимылды ойындар: «Арқан тартыс», «Қуыспақ» «Құстар мен машиналар» 3. Жеке жұмыс. Үш-төрт балаға «Аталған құсты көрсет» дидактикалық ойынды үйрету. 4. Еңбек. Құстарға жем шашу. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Балалармен достасып,	1.Бақылау. Жәндіктердің алғашқы жандануын бақылау. Мақсаты: Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру. Құмырсқа , масаларды бақылату арқылы олардың шағатынын, еңбекқорлығын көруге үйрету. 2. Қимылды ойындар: «Масаны ұстап ал» «Үйсіз қоян» 3. Жеке жұмыс. Жәндіктер туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек.Жәндіктерге нан қиқымын беру. 5. Көркем сөз. Құмырсқа батыр. Қимылдап жатыр.	1.Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты.сауысқан, торғай, қарғаның қимылы-қозғалыстарындағы өзгешеліктерді байқауға және айтуға үйрету. т.б 2. Қимылды ойындар: «Құстар мен мысық» , «Ақ серек, көк серек» «Ұшты-ұшты» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баланы көздеп түсіруге жаттықтыру. 4. Еңбек.Телімді жинастыру. 5. Жұмбақ жасыру. Қайталап атымды,	1.Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты:ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Кеглиді көздеп құлат» ,«Ормандағы аю» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру. 4. Еңбек. Ойын алаңының

	Отырғыз ағаш көктемде, Жөн болмақ еңбек еткенің. Келмесе шамаң еккенге, Сындырма жұрттың еккенін.	Жазда бақты қорғайды. Күзде кетер қоштасып, Кім біледі... (торғайды).	Алды да ырғап, Көтерді «бір қап» Құмырсақа қыстан, Шығады жырғап. Жалқауға күлліҚұмырсақа үлгі.	Көктемде ән саламын. Кез келген ұяға Жұмыртқа саламын. (көкек) Ұшқаны қызық жалпылдап, Өзі сондай қарқылдақ. (қарға)	қоқыстарын жинау.Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Аделинаға геометриялық пішіндерді қайталану	Қайратпен өткен дыбыстарды жаттату	Фаризаға ертегі оқу. Суретпен жұмыс	Аделинаға тілдік қорын дамыту мақсатында ертегі оқу.	Қайратқа сөйлем құрауға үйрету
Балалардың өзіндік қызметі	Үстел үсті, саусақ және т.б. ойындар.	Үш бөліктен тұратын суреттерді құрастыру.	Сиқырлы қарындаштар. Түрлі түсті қарындаштармен сурет бояту, түстердің атауын атау.	Суретке қарап отырып әңгіме құрастыру.	Емін –еркін ойын
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес «Үйде балаңыздың өзіне-өзі қызмет көрсетуіне қандай жағдай жасайсыз?».				

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп директорының

оқу ісінің орынбасары:

_____ Г.Н.Белесинова

2024 жыл «08» сәуір

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы**Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ****Мектепалды даярлық сыныбы****Балалардың жасы: 5 жас****Жоспардың құрылу кезеңі 2-апта 08-12 сәуір 2023-2024 оқу жылы**

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 08.04	Сейсенбі 09.04	Сәрсенбі 10.04	Бейсенбі 11.04	Жұма 12.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі филтр, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындар, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Үстел үсті ойыны: «Мен ғарышкер боламын» Мақсаты: Ғарышкер туралы туралы түсінік беру. (Қарым- қатынас іс –әрекеті)	Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» Мақсаты: Жиһаздың бір бөлшегі жетпейтін суреттерді көрсететіп, себебін, қалай күту керектігін түсіндіру. (физикалық қасиеттерін дамыту– және коммуникативтік қызмет)	«Жұбын тап» ойыны: Мақсаты: Ұйымшылдықпен, шығармашылықпен ойлана ойнай білуге үйрену. (Қарым- қатынас іс –әрекеті)	«Мимикалық жаттығу» Мақсаты: балалардың көңіл күйлерін түрлі эмоциялармен білдіруге үйрету. (Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті)	«Сикырлы қораптар» Мақсаты: Жануарларды қатты картоннан құрастыруға үйрету. Міндеті: Құрастыруға үйрету. Баланың ойлау және сөйлеу қабілеттерін одан әрі дамыту. (Шығармашылық іс әрекет, бейнелеу іс-әрекеті)
Ұйымдастырылған қызметке дайындық (ҰК)	Балалар әсер алу, жаңалықтарды білу, бірлескен жоспарларды, проблемаларды талқылау, қызығушылық бойынша қызмет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т.б. үшін жиналады. Балалар тәрбиешіге қоршаған ортаны ұйымдастыруға көмектеседі (бірлескен қызмет, кезекшілік)				
	«Сол жақта – оң жақта» Мақсаты: Қағаз парағының оң жағын және сол жағын ажырата білу және кеңістікті бағдарлай білуін (оң жақта-сол жақта),	«Менің Отаным» (өлең) Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке баулу, өз еліне, жеріне деген патриоттық сезімін ояту.	Суреттік боямалар «Кім, қайда өмір сүреді» Мақсаты: Балалар суретті таза бояп,	«Қолғап» Мақсаты: Қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін	Балалар өз отбасылары туралы әңгімелеп беру. Сюжеттік ойын: «Менің ата-әжем» Мақсаты: Отбасы

	жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін арттыру.	Балалардың сөздік қорын молайту, Тәуелсіздігімізге арналған жыр-шумақ, мақалдарды жатқа айтқызуға үйрету.	туған жеріндегі жан-жануарлардың мекендерімен таныса алады.	кеңейту. Ою-өрнекті қолдана отырып қолғапты сәндеуге үйрету. Эстетикалық талғамдарын дамыту, тиянақтылық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	мүшелерінің үйдегі қызметтерін үйрету.
Ұйымдастырылған қызмет	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Д/О: «Әжемнің әңгімесі» Мақсаты: Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру. Танып-білуге деген қызығушылықтарын арттыру.</p> <p><u>2.Сөйлеуді дамыту</u> Белгілі бір затқа белгілерді, әрекеттерді және берілген әрекетке заттарды таңдай білу. Д/О:«Көңілді доп» Мақсаты: Өзінің эмоциялық күйін ауызша жеткізу. Қарым-қатынастағы түрлі жағдаяттарда әдептілік сөздерін қолдана білу. Өзіне таныс тақырып аясында диалогке қатысу. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрап айту.</p> <p><u>3.Қоршаған орта</u> Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу Д/О:« Ғарышқа сапар» Мақсаты: Балаларға ғарыш әлемі жайлы түсінік беру, ғарыш әлемі және оның құпия сырларына деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Ғарышкерлерге деген құрмет сезімдерін</p>	<p><u>1.Математика негіздері</u> Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Д/О: «Ғажайып кітап» Мақсаты: Балалардың тілін дамыту жұмыстарын жалғастыру, іс - әрекет дағдыларын меңгерту. Заттар тобын салыстыру және санау.Балалардың заттарды салыстыру, теңдік, теңсіздік, тең, көп, аз ұғымдары, геометриялық пішіндер, сандар туралы білімдерін бекіту.</p> <p><u>2.Қазақ тілі</u> Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Д/О: «І, Ғ, Ң, Һ дыбыстары» Мақсаты: І, Ғ, Ң, Һ дыбыстары туралы алған білімдерін толықтыру. Дыбыстарға байланысты сөздерді буынға бөлу, дыбыстық талдау жасату,</p>	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Д/О: «Дыбыстық талдау» Мақсаты: Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорын молайту. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p><u>2.Математика негіздері</u> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Д/О: «Менің мерекем.</p>	<p><u>1.Сауат ашу негіздері</u> Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Д/О: «Дыбыс және әріптер» Мақсаты: Дыбыс пен әріп туралы түсінік беру, дыбыс пен әріптің айырмашылығын ажырата білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасату арқылы ақыл-ойын дамыту, сөйлем құрату арқылы сөздік қорын молайту. Топтық жұмыста бір-біріне көмектесуге үйрету. Жазуға қолдарын жаттықтыру.</p> <p><u>2.Қоршаған орта</u> Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастыру: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны,</p>	<p><u>1.Математика негіздері</u> Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшеу және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстыру. Д/О: «Таудың биіктігі» Заттарды өлшемі(биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы)бойынша салыстырамын» Мақсаты: Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып,көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, олардыөлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. 2.Көркем әдебиет. Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Д/О: «Бере білген, бөле білер» ертегісі</p>

	<p>тәрбиелеу.</p> <p>4. Дене шынықтыру Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру Қ/О: «Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру» Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>сөйлеу қабілетін қалыптастыру, сөздік қорын молайту.</p> <p>3. Көркем әдебиет Тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Д/О: «Түлкі, тасбақа және кене» ертегісі Мақсаты: Балаларға бағыт -бағдар бере отырып, өздіктерінен жұмыс істету, ой-өрісін дамыта отырып өздіктерінен қорытынды шығаруға машықтандыру. Ертегі арқылы балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету, балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. 4. Музыка Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Тақырыбы: Айна ҮІӨ мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық</p>	<p>Заттарды өлшемі(биіктігі, ұзындығы, қалыңдығы)бойынша салыстырамын» Мақсаты: Заттарды ені, биіктігі, жуандығы бойынша салыстырып,көлемдерінің арақатынасы көрсетілген заттарды табу, олардыөлшемдерінің өсу (кему) ретімен орналастыру. 3.Сөйлеуді дамыту Алуан түрлі заттарды сипаттауға, қарым-қатынас жасауға қажетті сөздерді қолдану және түсіну, оларды сөйлегенде белсенді қолдану дағдыларын қалыптастыру. Д/О: «Мектеп ауласында» Мақсаты: Айтылған ойдың мәнін ашу үшін интонацияны сақтау, тілдесудің вербалды емес құралдарын қолдану. Сөздер мен фразалардағы дыбыстарды дұрыс дыбыстау. Өз тәжірибесі негізінде әңгіме құрастыру. Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты сурет, сызба, белгілер қолданып жеткізу.</p>	<p>бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл) бойынша топтастыру. Д/О: «Жануарлар әлеміне саяхат» Мақсаты: Жануарлардың табиғаттағы рөлі мен маңызы туралы түсінік беру. Негізгі топтарымен таныстыру. Ой өрісін, зейінін дамыту, табиғат туралы түсініктерін кеңейту. Табиғи материалдармен жұмыс істеу іскерлігін қалыптастыру. Қоршаған ортаны сүйеге, мейірімділікке тәрбиелеу. 3. Музыка Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей тегжейлі ажырату қабілетін дамыту Тақырыбы: Айна. ҮІӨ мақсаты: Вальс музыкасының ырғағын өзге музыкалардан ажырата білуге ұмтылдыру. Дағды: Музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің</p>	<p>Мақсаты: Балаларға бағыт -бағдар бере отырып, өздіктерінен жұмыс істету, ой-өрісін дамыта отырып өздіктерінен қорытынды шығаруға машықтандыру. Ертегі арқылы балалардың өмірге деген көзқарасын қалыптастыру, жақсылық пен жамандықты айыра білуге үйрету, балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. 3.Шығармашылық Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру. (құрастыру) Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. (сурет салу) Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу. (мүсіндеу) элеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу. (жапсыру) Мақсаты: балалар төрт топқа бөлініп (сурет салады, жапсырады, мүсіндейді, құрастырады), өзіне ұнаған</p>
--	---	--	---	---	--

<p>«Денсаулық станциясы»</p>		<p>мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды</p>	<p>4. Дене шынықтыру Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру Қ/О: «Бір қатар тізбекпен баяу және жылдам жүру» Мақсаты: Жылдам қозғалуды, баяу жылдам жүруді және доптарды себетке салуды үйрету. Қимылды ойындарды қызығушылықпен орындауға тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Есте сақтау қабілетін дамыту.</p>	<p>мазмұны мен музыкалық мәнерліліктің элементтерімен байланыстыру, дыбыстарды ажырату, қолымен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратуға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: Жасайды: әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды 4.Қазақ тілі Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Д/О: «Сөздің басындағы дауысты дыбысты атау» Мақсаты: Балалардың ана тілі дыбыстарын қабылдап, ажырату және мағынасын түсіне білу. Фонематикалық есту қабілеті арқылы адам дауысының жуан, жіңішке, екпін, ырғағын ажырату.</p>	<p>шығармашылығымен айналысады. 4.Дене шынықтыру Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); Қ/О: «Көршілер» Мақсаты: Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар. Балаларды шапшандыққа, ұйымшылыққа үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық-ойын жабдықтарын және спорттық керек-жарақтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Жүйелі киіну(ауа-райына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту, өзін-өзі тыңдау дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту) - Сөйлеуді дамыту - Көркем әдебиет</p>				

	- Дене шынықтыру - Қоршаған ортамен таныстыру				
Серуен	1. Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Кеглиді көздеп құлат», «Ормандағы аю» 3. Жеке жұмыс. 4-5 баламен жіңішке жолмен тепе-теңдік сақтап, құламай жүгіру. 4. Еңбек. Ойын алаңының қоқыстарын жинау. Өздеріне жүктелген жұмысты жауапкершілікпен атқару. 5. Көркем сөз. Жұмбақ. Жылт-жылт еткен, Жырадан өткен. (су)	1. Бақылау. Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Қарға мен сауысқанның айырмашылығын табуға жаттықтыру 2. Қимылды ойындар: «Дәуіт пен қарлығаш», «Біз көңілді балалар» 3. Жеке жұмыс. 2-3 баламен алғашқы ұшып келетін құстар қаз, қарлығаш, бозторғай туралы әңгімелесу. 4. Еңбек. Құстарға жем шашу, әкелерімен бірігіп ұя жасауды ұсыну. 5. Көркем сөз. Жұмбақ жасыру. Екі айыр құйрығы, Қияқ мұрт қанаты. (қарлығаш)	1. Бақылау. Көгершіндер мен торғайларды бақылау. Мақсаты: құстардың атауларын айтуға, бірбірінен ажыратуға үйрету. Оларға қамқор болуға тәрбиелеу. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан» «Ормандағы аюлар» 3. Жеке жұмыс. Алақанмен допты жерге ұрып жаттықтыру. 4. Еңбек. Гүлзарларға гүлдерді отырғызу. 5. Көркем сөз. Көгершін Көк көгершін, көгершін, Көгершін келер жем үшін. Балалар жем себелік, Жем жесін де семірсін.	1. Бақылау. Ауа райын бақылау. Мақсаты: ауа райы туралы өз ойларын айтуға үйрету, кешегі күнгі ауа райымен салыстырып өзгешелігін айырып атауға жұмыстану. 2. Қимылды ойындар: «Мысық пен тышқан», «Не өзгерді?» 3. Жеке жұмыс. Аспан туралы жұмбақтар шешу. 4. Еңбек. Телімдегі қағаз- қоқыстарды жинау. 5. Жұмбақ. Орақ болып туады, Табақ болып тұрады. (ай) Жымындатып көздерін, Түнде алыстан жанады. Таң атқанда өздері, Жасырынып қалады. (жұлдыздар) Желмен ұшып жетеді, Желмен ұшып кетеді. (бұлт)	1. Бақылау. Күннің көзін бақылау. Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру, өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу. 2. Қимылды ойындар: «Қояндар мен қасқыр», «Мысық пен тышқан», «Күн мен түн» 3. Жеке жұмыс. 2-3 балаға жыл мезгілдерінің аттарын айтқызып үйрету. 4. Еңбек. Телімдегі ағаш қалдықтарын жинау. 5. Көркем сөз: Ақ сандығым ашылды, Ішінен жібек шашылды. (күннің көзі)
Серуеннен оралу	Балалардың киімдерін жүйелі түрде шешу, өлеңдерді, әндерді үйрену, жұмбақтарды шешу, жаңылтпаштар, санау және т. б. (көркем, тәуелсіз ойын әрекеті)				
Балалармен жеке жұмыс	Қайратқа жеке жұмыс	Аделинаға дыбыстармен жұмыс.	Фаризаға қазақша дыбыстарды қайталау	Фаризаға такпақты қайталау	Аделинаға тазалық туралы әңгімелесу
Балалардың өзіндік қызметі	Өз беттерімен кітаптарды көру	Лото ойыны	Футбол ойыны	Хоккей ойыны	Пазлдар құрау
Балалардың үйге қайтуы	Ата –аналарға кеңес «Демалыс күндері балаңызбен ойнайсыз ба?».				

КЕЛІСІЛДІ

Мектеп директорының

оқу ісінің орынбасары:

_____ Г.Н.Белесинова

2024 жыл «15» сәуір

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: Қыналы НОББМ

Мектепалды даярлық сыныбы

Балалардың жасы: 5 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 3-апта 15-19 сәуір 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 15.04	Сейсенбі 16.04	Сәрсенбі 17.04	Бейсенбі 18.04	Жұма 19.04
Балаларды қабылдау	Балаларды қабылдау: таңертеңгі филтър, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау, баланың бүгінгі көңіл – күйі туралы, оны не қызықтыратыны туралы әңгіме, жеке пікір білдіруге баулу (сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс-әрекет).				
Ата-аналармен әңгімеселу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың жетістік пен дәрежесі үшін емес, сол қалпында сөзсіз қабылдап жақсы көретініңізді сездіріңіз.				
